

№ K00009 22.10.2024 ж

Біз еңбекқор баламыз !

МАҚҰЛБЕКОВА ГҮЛДАНА ОРДАБЕКҚЫЗЫ

Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы
№4 "Үміт" арнайы мектеп-интернатының тәрбиешісі

Мектеп:	№4 «Үміт» арнайы мектеп-интернаты	
Педагогтің аты-жөні:	Мақұлбекова Г	
Күні	27. 09.24 ж	
Тобы: «Мұрагер»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Біз еңбекқор баламыз ! Қауіпсіздік сабағы «Еңбек құралдарымен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік»	
Мектепте тәрбие жұмысы 6 ұлттық құндылықтар негізінде жүзеге асады:	Қыркүйек айы: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығы * Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу • Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау * Өзіне-өзі қызмет көрсету * Адам өміріндегі, отбасындағы, қоғамдағы еңбектің құндылығын түсіну * Еңбекке, еңбек адамдарына деген құрмет көрсету * Біреудің еңбегінің нәтижелеріне ұқыпты қарау	
Жалпы мақсаты	Балаларға еңбектің адам өміріндегі маңызын түсіндіру Еңбек етуге деген қызығушылықтарын ояту , ой - қиялын, тілдерін дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Еңбек құралдарымен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерін ұғындыру	
Күтілетін нәтиже	Еңбектің өмір үшін аса қажеттілігін түсінеді, топпен жұмыс жасауға дағдыланады, қауіпсіздік шараларын сақтауды үйренеді	
Ресурстар	суреттер, түзету жұмысына арналған таяқшалар, қаламдар , түрлі түсті қағаздар,гүлдер,	
Әдіс-тәсілдер	«Алақан жылуы» ойыны, Ой қозғау, Ойын « Доп қағу», әңгімелеу,түсіндіру, шығармашылық тапсырма	

Сабақ кезеңдері	Мұғалімнің іс- әрекеті	Оқушының іс- әрекеті
Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру	« Алақан жылуы » ойыны	Алақан жылуын сыйлай отырып бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді
Сабақтың басы	Ой қозғау - Суретте кім немен айналысып жатыр? - Тіршілік иелеріне еңбек ету не үшін қажет деп ойлайсыңдар? Еңбек дегеніміз – өмір сүру үшін қажетті іс – әрекеттер. Еңбек етуді әр бала кішкентай кезі - нен үйренуі тиіс. Киімдерді реттеп қою,ертеңгі жаттығу жасау, тіс тазалау, ойыншықтарды жинау,үйде гүлге су құю, ыдыстарды жинау, есіктің алдын сыпыру, т.б. жағымды іс- әрекеттер баланың еңбегіне жатады. Ал осының бәрін орындайтын баланы еңбекқор, тілалғыш, ұқыпты бала деп атаймыз. Сабағымыздың тақырыбы « Біз еңбекқор баламыз» Ойын « Доп қағу»	Сурет бойынша әңгімелеп, сұрақтарға жауап береді, сабақтың тақырыбымен танысады Допты қағып алған бала өзі қандай жұмыстар атқара алатынын айтады
Сабақтың ортасы	Мұғалім сыйы. Ертеңге қалдыруға бола ма? М.Төрежанов Қалима апай жұмыстан келгенде,қызы ойыншықтарымен ойнап отырған-ды. Шешесі күндегі әдетінше киімдерін аустырып, үй жұмысына кірісіп кетті. Үйді сыпырып, еден жуып жүріп: -Қадиша,гүлдерге су құймағансың ба?-деп сұрайды. -Апа,гүлдерге суды ертең құямын ғой. Анасы еденді жуып болып, терезенің шаңын сүрте бастайды. -Қадиша,ойнаған қуыршақтарыңды неге жинап қоймадың, реттей салсаңшы...-деді қызына. Қадиша: -Апа,қуыршақтарымды ертең	Әңгімені мұқият тыңдайды.

	жинармын. Жарай ма? Қалима апа көйлек-көншек тәрізді жеңіл заттарды жууға ыңғайланып; -Қадиша, дүкенге барып, кір сабын әкеле қойшы,-деді. -Апа, мына көйлегімді де жуа салшы,-деді. -Қадиша ертең де кір жуамын, сонда бірге жуармын көйлегінді. Біраздан кейін Қадиша шешесінің жанына келіп; -Апа тамақ істемеісің бе? Қарным ашып кетті,-деді. -Тамақты да ертең істеимін.-деді апасы -Апа, теледидир қойып беріңізші, кино көрейін деп едім,-деді Қадиша біраздан кейін. -Киноны да ертең қарарсың. Ертең де күн бар. Қадиша: -Бәрін де ертең-ертең дейсің, бүгін тамақ ішпеуім, теледидир көрмеуім керек пе?-деп жылап жіберді. -Неге жылайсың?-деді шешесі. Бүгін істейтіннің бәрін ертеңге қалдырып, ертең-ертең дегенді шығарған өзің емес пе? Сенен үйреніп, мен де ертеңге сілтеп отырмын. Әтпесе, бүгін-ақ тындырып тастауға болатын істі ертеңге қалдырудың не қажеті бар? Қадиша қарақат көздерін бір нүктеге қадап, ойланып қалды. Шынында да шешесінің айтқаны орынды екен-ау. - Қадишаны қандай қыз деп айтуға болады? -Егер әр адам бүгінгі жұмысын ертеңге қалдырса не болады деп ойлайсындар? Мысалы: аспаз, дәрігер Балалардың жауаптары тыңдалып, тәрбиеші төмендегідей қорытындылайды. «Еріншектің ертеңі бітпейді» «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей» Сергіту сәті : Мынау-менің жүрегім, Бәрі осыдан басталған.	Сұрақтарға жауап береді, ой қорытады
--	--	---

	Мынау-басым ақылды, Бәрін осы атқарған. Мынау-менің оң қолым, Мынау-менің сол қолым, Барлық істі атқарған. Шығармашылық тапсырмалар 1-тапсырма: «Құрылысшылар» болып таяқшалардан үй құрастырады 2-тапсырма: «Суретші » болып суретті бояйды Гүл өсірсең, терлеп, Мұның аты еңбек Кесте тіксең, зерлеп Мұның аты – еңбек Қырға шықсаң- өрлеп Мұның аты еңбек Қиындықтың бәрін Еңбек қана жеңбек ! Қауіпсіздік сабағы «Еңбек құралдарымен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік» Инемен жұмыс жасағанда 1. Инені ине салғышта ұста. 2. Жұмыс жасаған жерінде инені жіпсіз қалдырып кетпе.. 3. Инені біреуге бергенде жібімен бер. 4. Инені аузыңа салма, ойнама. 5. Инені киімге түйреме. 6. Жұмыстың алдында және соңында инені санап сал. 7. Ине салғышты үнемі бір жерде сақта 8. Инемен жұмыс жасап отырғанда жан-жағыңа алаңдама. Қайшымен жұмыс істегенде 1. Жақсы өтетін қайшымен жұмыс жаса. 2. Қайшының дөңес жағы болуы керек. 3. Қайшының аузын ашып тастама. 4. Қайшыны біреуге бергенде дөңгелек жағымен бер. 5. Қайшымен ойнама, бетіңе тақама. Желіммен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері 1. Желіммен жұмыс жасағанда, қажет болса	Өлең мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыстар жасалады. Тапсырманы топпен бірлесе орындайды, әңгімелейді
--	---	--

	щетки қолданыңыз. 2. Осы кезеңде жұмысты аяқтауға қажетті желімнің мөлшерін алыңыз. 3. Артық желімді жұмсақ шүберекпен немесе шүберекпен алыңыз, оны абайлап басыңыз. 4. Жұмыстан кейін щеткаңыз бен қолыңызды сабынмен жақсылап жуыңыз. Ермексазбен қауіпсіз жұмыс істеу ережелері 1. Өз жұмысыңызға сәйкес келетін ермексаз түсін таңдаңыз. 2. Үйіндідегі ермексаздан қажетті мөлшерін кесіңіз. 3. Ермексазды жұмсарту үшін оны жылулықпен жылытыңыз, 4. Жұмыстың соңында қолыңызды құрғақ жұмсақ шүберекпен жақсылап құрғатыңыз, содан кейін ғана сабынмен жуыңыз.	
Сабақтың соңы	Балалар біз бүгін сабағымызда айтқанды тыңдап , бұлжытпай орындап ,тілалғыш , ұқыпты , еңбексүйгіш бала болуды үйрендік . Достықта бірлесе отырып жұмыстар атқардық. Әрдайым осылай болуымыз керек. Еңбек адамға қуаныш сыйлайды,жақсы еңбегі үшін ел бағалайды.Сондықтан жақсы еңбектерің үшін сендерге алғыс айтамын. Мен еңбекқор баламын Айтқан тілді аламын Мұнтаздай боп киініп Мектебіме барамын Мен еңбекқор баламын Таудай үлкен талабым «Беске» оқып сабақты Жақсы азамат боламын	Балалар өлең шумағын хормен айтады

№ K00010 22.10.2024 ж

Дос болайық бәріміз !

КАРАЖИГИТОВА ОРЫН БЕРИКОВНА

*Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы
№4 "Үміт" арнайы мектеп-интернатының
педагог –психологы*

Тренингтің мақсаты:

- 1.Оқушылардың достық туралы ұғымын кеңейту және нақтылау.*
- 2.Достарға деген қарым-қатынасты қалыптастыру, достықты қадірлей білу, бір-біріне көмек көрсету және қамқор болуға үйрету.*
- 3.Қарым-қатынас жасауға көмектесу. Қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру.*

Көрнекіліктер: суреттер, слайд, әуен, бейнеролик

Түрі: әңгіме,жаттығу,бейнероликті талқылау

Қатысушылар: 10-12 сынып оқушылары

I.Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу.

Оқушы назарын сабаққа аудару.

«Гүлмен тілек» жаттығуы

Мақсаты: Тыңдау дағдыларын дамыту, сондай-ақ оқушылардың арасында жағымды ахуал қалыптастыру.

Жүргізілу барысы: Оқушылар арнайы дайындалып келген гүлді алақандарына салып тұрып, бір-біріне тілек тілейді .

II.Негізгі бөлім.

1.Кіріспе.

Достық дегенді қалай түсінесіңдер?

Достық – ізгі ниетті адамдардың бір-біріне тек жақсылық жасауға серттесіп, ниет қосып іс-әрекетке ортақтасуы. Достық ізгі қасиет.

Нағыз дос: бірі – адал достық, екіншісі – амал достық дейді. Адал дос дегеніміз – адамға шабыт беріп отырады. Олар бір-бірінің қуанышында да сәтсіздігінде де ортақтасып отырады.Жалған достық – ғұмыры қысқа болады. Олар бір-біріне шынайы болмайды.

/Оқушылар өз ойларын түсіндіреді/

2. "Сіз кіммен доссыз?" Бейнеролик

3. «Жақсы қасиеттер» жаттығуы

Мақсаты: Бір-бірінің жақсы қылықтарын айтып, мадақтау.

Ойының шарты: Балалар дөнгеленіп отырады. Жүргізуші «Сықырлы таяқшаны» балалардың біріне ұсынады. Ол жанында отырған баланың жақсы қасиеттерін айтып мадақтайды да, таяқшаны береді. Ол таяқшаны осы тәртіппен келесі балаға ұсынады. Ойын осылай жалғаса береді. Айтылатын жағымды сөздер мынадай болуы мүмкін. Мысалы: Айгүл, сенің даусың қандай жақсы! Гүлнар, сенің жүзін сондай мейірімді көрінеді! Диас, маған сенің аққөңіл мінезің ұнайды.

4. Жаздаятты шешу.

* Саған досың өкпелі. Неге екенін білмейсің? 2 күн болды сені көрсе қаишқақтайды. Сен не істейсің?

* Сенің жаңа досың бұрынғы досыңды тастауыңды өтінді. Өзімен ғана дос болғаныңды қалады. Не істейсің?

* Досың сенің қимас ағаң сыйлаған сувениріңді ұнатып қалды. Қайта-қайта оны қызықтаумен болды. Қимас досың сұраса берер ме едің?

5. Тест: "Қараңғыда естілген сыбыр"

Жарқанат туралы ойлаған кезде ең бірінші қараңғы үңгірді, түнгі аспанды, жалмауыз кемпір сынды кейіпкерлерді ойлайтын шығарсыз. Адамдардың қорқынышына айналған жарқанаттардың бұдан да өзге қасиеттері бар. Өздерінің ұсқынсыз болғанына қарамастан, олар да адамдар секілді сүтқоректілер тобына жатады. Өздерінің балаларын ерекше жақсы көріп, қорегін тауып береді. Мұнымен қатар олар өзара бір-бірін жақсы түсінеді. Сіз қараңғы үңгірдің ішінде адастыңыз. Артқа қайтатын жол іздеп жүргеніңізде бір жарқанат ұшып бара жатып құлағыңызға сыбырлайды. Бұл сүтқоректі қандай сөздер айтты деп ойлайсыз?

1. Мен шығатын жердің қайда екенін білемін.

2. Соңымнан ер, мен саған дұрыс жолды көрсетейін.

3. Ары қарай іздей бер.

4. Сен бұл жерден еш уақытта шыға алмайсың.

Жауабы:

Бұл жазылған сценарийде жарқанат адасып жүрген адамға жол сілтеуші. Ал оның не деп сыбырлағанына байланысты сіз адамдарға қалай көмектесу керектігі туралы көзқарасыңызды білдіресіз.

1. Мен шығатын жолды білемін. Сіз өзіңізді тым білгіш секілді ұстайсыз. Үнемі қол ұшын беруге тырысасыз, бірақ кейде сіздің көмегіңізді сұрамаса да, кірісіп кететін тұстарыңыз болады. Нәтижесінде қажетсіз іске кірісетін адамдай көрінесіз.

2. Соңымнан ер, мен саған дұрыс жолды көрсетейін. Сіздің сүйіспеншілікке толы жүрегіңіз бен өзгеге қол ұшын созатын жомарттығыңыз – үлгі боларлық қасиеттер. Адамдар қиындыққа тап болған кезде сізден өзіне деген қамқорлығын сезеді. Тіпті сіздің жанында жүргеніңіздің өзі қиындықтан құтқаратындай әсер сыйлайды.

3. Ары қарай іздей бер. Сіз қарсы алдыңыздағы адамның жеке шекарасын сыйлап, белгілі бір мөлшерде дистанция сақтауға тырысасыз. Және адамдардың өз қиындықтарын өздері шешкендері жөн деп есептейсіз. Осы принципіңіздің арқасында сізді көп адам сыйлайды.

4. Сіз бұл жерден еш уақытта шыға алмайсыз. Сүрінгенге жұдырық ала жүгіретін жандардың бірісіз. Мүмкін өзгелердің бақытсыздығынан ләззат алатын шығарсыз. Осы мінезіңіздің арқасында көп достарыңызды жоғалтасыз. Абай болыңыз.

Психолог: Өзіміздің қандай жан екенімізді білдік пе?

6. Ассоциация қабылдау сезімі

- Алдымызда күннің көзі, күннің көзіне не жетіспейді?(сәулелер)

- Ал, енді бұл күннің көзін достық шуақтарымен толтырайық.

(тақтада берілген күн «ДОС» сөзіне «шуақтарын» жазу).

ДОС: Көмектеседі, мейірімді, қайырымды, шыншыл, жанашыр, қамқоршы, ұқыпты, білімді, адал.

III.ҚОРЫТЫНДЫ

Оқушылар өз ойларын айта отырып тренингтен алған әсерлерін бөліседі.

«Тазалық» ойыны

Оқушыларға бір парақ беріледі. Онда мыналар салынған:

1. Чемодан(суреті)

2. қоқыс жәшігі (суреті)

3. еттартқыш (Суреті)

— Бүгінгі тақырып бойынша алған керекті ақпараттарыңызды чемоданға салыңыздар (жазыңыздар).Бүгінгі сабақтағы керек емес болған, артық дүниені қоқыс жәшігіне салыңыздар (жазыңыздар). Ал бүгінгі ақпараттың ішінде әлі оқуым керек, толықтыруым керек дегендері болса, еттартқышқа салыңыздар (жазыңыздар).



№ K00027 26.10.2024 ж

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ АРҚЫЛЫ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛПТАСТЫРУ

НАЗАРОВА КАМИЛЯ ШАМШАДИНОВНА

*Жамбыл облысы, Талас ауданы,
№4 Үміт арнайы мектеп-интернатының
тәрбиешісі*

Еліміздің болашағы - ұрпақ тәрбиесінде, еліміз егемендік алып, өз алдына отау тігіп өзінің ішкі-сыртқы саясатын өзі шешетін болды. Бүгінде баршаның міндеті - әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, ұлттық сана-сезімі жоғары тәрбиелі ұрпақты өсіру.

Қазақ ағартушысы М.Жұмабаев: «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген. Жас ұрпаққа саналы тәрбие және сапалы білім беру деңгейі ең алдымен мұғалімнің даярлығына, оның іс-тәжірибесінің қалыптасып шыңдалуына байланысты. Мұғалім - баланың жеке тұлғасын қалыптастырушы, маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің астаушысы, жарқын үлгісі, бала қиялын самғатып, арманын көкке ұсындырушы басты тұлға.

Бүгінгі жас өркеннің ертеңгі әлеуметтік – саяси қоғам мүшесі ретінде қалыптасуында тәлім-тәрбиенің маңызы зор екендігі белгілі. Ендеше қоғамдағы қол жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны пайдаланып, биік адамгершілік қасиеттерге баулу, тәрбиелеу - мұғалімнің басты міндеті. Мұғалім жан-жақты жетілген білімді, әдістемелік шығармашылық шеберлік иесі, халықтық дәстүр, әдет-ғұрып пен салт-сана ерекшеліктерін әлеуметтік қарым-қатынастар түрлерін кәсіби түрде меңгеруі тиіс. Әсіресе, осы кәсіби білік дағдыларын шыңдауы оның ұстаздық тәжірибе жинақтауының ең басты алғы шарты болып табылады.

Келешекте біздің еліміз басқа тәуелсіз елдермен терезесі тең болып өмір сүруі үшін қазақ балаларын ешкімнен кем қылмай, мектеп қабырғасынан-ақ жан-жақты білімді, тәрбиелі етіп шығару үшін ұстаз ұлттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып тәрбие жұмысын жүргізген абзал. Қазіргі таңда мұғалім болу оңай жұмыс емес. Басқа ешбір мамандық адамға дәл мұғалімге қойылғандай талаптар қоймайды. Педагогтық қызметтің жетістігін бағалау да өте қиын. Оның сапасы сызғышпен өлшеп, әрбір мысқалына дейін таразыға тартатын дүние емес

Я.А.Коменский балаларға тәлім-тәрбие беріп ұстаздық көрсететін мұғалімді өте жоғары бағалады: «Мұғалім-мәңгі нұрдың қызметшісі.

Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі. Оларға тамаша қызмет тапсырылған, күн астында одан жоғары ешнәрсе болмақ емес».

Балалардың санасы мен мінез- құлқының қалыптасуына мұғалімнің жеке басының, оның моральдық бейнесінің атқаратын ролі орасан зор. Бұл әсерді өзінің күші жағынан ешнәрсемен салыстыруға болмайды. Бұл - ерекше құдіретті күш. Орыстың ұлы педагогі Д.К.Ушинский «Тәрбие де барлығы да тәрбиешінің жеке басына негізделуге тиіс. Ешқандай жарғы және бағдарлама, ешқандай оқу орнының жасанды орталығы қаншалықты жетілдірілгенімен тәрбие ісінде жеке адамды алмастыра алмақ емес. Тәрбиешінің тәрбиеленушіге тікелей әсерінсіз мінез-құлыққа сіңерліктей шын тәрбие беру мүмкін емес», - деп жазды. Сондықтан мұғалімнің жеке басына ерекше талаптар жүктеледі. Ерік-қайраты күшті, мінезге бай жасөспірімдерді қалыптастыру үшін мұғалімнің жеке басы сол талаптарға сай болу керек. Мұғалімнің жеке басында сөз бен істің арасында алшақтық болмау керек.

Тәрбие жайындағы белгілі мәліметтер адам баласының тәрбиесіне сүйенеді. С.А.Назарбаеваның «Ұстаздан ұлағат» атты кітабында: «Тәрбие дегеніміздің өзі, ең алдымен, баланың сезімін оятып, әсершілдігін дамыту, сезімді тәрбиелеу - баланы қоғамдық мәні бар, адамдарға жақсылық әкелетін қылық-қасиеттерден рахат, қуаныш табуға баулу деген сөз. Парасаттылық дегеніміз - адамзатқа қызмет ету», - деп жазылған.

Бала тәрбиесі ең алдымен, аға ұрпақтың жас жеткіншекке деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығынан, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан адамгершілік ізгі қасиеттердің жиынтығынан туындайды. Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар үлкендердің әңгімесінен, іс-қимылынан танылып, сезім арқылы жүректен жүрекке беріліп отырған. Сондықтан егеменді ел жастарының санасына осы ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің мәні зор.

Адамның адам болып қалыптасуында ата-аналармен қатар, мұғалімнің ролі зор. Яғни, мұғалім мамандығының иелеріне болашақ ұрпақты тәрбиелеуде үлкен жауапкершілік жүктелген. Ф.М.Достоевскийдің «Өзіңнен өзінді ізде, өзіңе өзің бағын, өзіңді өзің тани біл», - дегеніндей әр мұғалім өзінің бала болғанын, өзінің ата-ана екенін ой елегінен жиі-жиі өткізіп отырса, өзге алдындағы жауапкершіліктің сыры бірден айқындала бастайды. Н.А.Добролюбовтің «Мұғалім өзіне шәкірттердің қаншалықты жоғары бағалап қарайтынын есінде сақтаса, оның балаларға тигізетін ықпалы соншалықты күшті болады, соншалықты оның әрбір мақтауы балаларды шаттандырады, оның әрбір ескертуі баланың жүрегіне терең орнығады. Демек барлық тәрбие жұмысы игілікті болады», - деп айтқанындай баламен кездескен сәттен бастап, оның үйіне қайтатын уақытына дейінгі кезеңде баламен тікелей қарым-қатынаста екенін, онымен ішкі сезімі байланыста болатынын бір сәт естен шығармағаны абзал.

Сонда ғана ел білікті, парасатты, жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу ісінде едәуір табыстарға қол жеткізе алады. Тәрбие кезеңдеріндегі оның өзіне тән заңдылықтарын сәтті пайдалану ұрпақ тәрбиесінің жемісті болуының ең үлкен кепілі болмақ.

Қазақстан Республикасының баянды да тәуелсіз мемлекет болу үшін ұлттық құндылықтар тәрбие арқылы халық педагогикасынан нәр алып, адами құндылықтардың барлық саласын бойына сіңірген, таза елжанды азамат керек. Қазақ мемлекеті үшін бар білімі мен қабілетін сарп ететін, елін, туып-өскен жерін, тілін, халқының тарихын, дінін, мәдениетін біліп, құрметтейтін жеке тұлға тәрбиелеу, жалпы жұртшылық, әкімшіліктер мен білім беру мекемелерінің басты міндеті.

«Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз және оны қалыптастыру басты міндетіміздің бірі» деген сөзін басшылыққа ала отырып, «Менің Отаным-Қазақстан» деп ойлайтын әрбір азамат ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіретін тәрбие жұмысын жүргізуі міндетті. Бүгінгі жас ұрпақты сонау замандардан жинақталған ата-бабамыздың мол мұрасымен яғни ұлттық құндылықтарымен сусындату-біздің басты парызымыз. Демек, ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып тәрбиелеу арқылы сынып жетекші ұлттық тұлғаны қалыптастырмақ. Адамды адам ететін қоршаған орта және тәлім-тәрбие десек, мектеп жасы балаларының тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуына отбасы мен бірге сынып жетекшінің де рөлі ерекше.

Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу дегеніміз-халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өнерге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру. Бүгінгі жаһандану үрдісі жүріп жатқан жағдайда ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалу-үлкен міндет. Жас ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде халқымыздың сан ғасырлық тәжірибесі бар екені даусыз. Сондықтан сол мол тәжірибені пайдалануға тырысып, ең бірінші жаны таза, рухани биік, адамгершілігі мол, халқына пайдасын тигізетін адам тәрбиелеу баршамыздың адамдық парызымыз.

№ K00026 26.10.2024 ж

КОНАРБЕКОВА ГУЛЖАНАТ АБИЛХАСОВНА

Жамбыл облысы, Талас ауданы,
№4 Үміт арнайы мектеп-интернатының
тәрбиешісі

Білім беру ұйымының атауы:	№4 «Үміт» арнайы мектеп-интернаты
Күні:	11.10.2024 ж
Тәрбиеші:	Конарбекова Г.
Сыныбы:	Топпен
Тақырыбы:	«Асхана ханшайымы»
Қауіпсіздік сабағы:	«Егер бейтаныс адам көшеде көмек сұраса не істеу керек?»
Сабақтың мақсаты:	Оқушылардың білік дағдыларын қалыптастыру, тақырып мазмұнын менгерту. Оқушылардың іс-әрекетін белгілі бір мақсатқа жүйелеу, бағыттау. Тағамдардың ағзаға әсерін жете түсіндіру, талдауға үйрету. Тағам жасаудың тәсілдерін үйрету барысында тазалық пен ұқыптылыққа баулу, кәсіптік бағдар беру.
Мектепте тәрбие жұмысы 6 ұлттық құндылықтар негізінде жүзеге асады:	Қыркүйек айы: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығы • Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу • Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау • Өзіне-өзі қызмет көрсету • Адам өміріндегі, отбасындағы, қоғамдағы еңбектің құндылығын түсіну • Еңбекке, еңбек адамдарына деген құрмет көрсету • Біреудің еңбегінің нәтижелеріне ұқыпты қарау
Дәйек сөз:	«Ас адамның арқауы»
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары

Барысы	Тәрбие сағатындағы орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Іс-әрекет
Ұйымдастыру кезеңі Сабақтың басы:	Арнайы безендірілген ас бөлме. Сайысымызды бастамас бұрын, оқушыларды жағымды көңіл күймен (музыкамен) ортаға шақырамыз. Амандасып, сабаққа көңіл аударамыз. Бір шәугім шәй әдісімен екі топқа бөлеміз. Топқа бөлінген қыздар орындарына жайғасады. Қазақ халқының бүгінгі дастарханындағы тағамдар ұннан дайындалады. «Дастарханның көркі-нан!» деп бекер айтылмайды. Жалпы, адамзатқа қоспасы нашар, асқазанға зиян кейбір тағам түрлерінен, тез пісетін кеспелерден, фаст-фуд тағамдардан, қуырылған тауық еттерінен аулақ болуға шақырамыз. Қыздарымыздың шеберліктерін арттыру мақсатында дұрыс тамақтануға баулу көзделген. Сабақ барысында қауіпсіздік ережелерімен таныстырып өтетін боламыз. Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған, әрі қастерлей білген. Ел-жұрт жадында мәңгі жатталып қалған «Ас адамның арқауы» деген қағида қалыптасқан. Қазақ халқы асты үш түрге бөледі. Олар ақ-сүт тағамдар, қызыл-ет тағамдар және көк-жеміс тағамдары. Бүгін дайындайтынымыз ұн тағамдары туралы мағұлмат алып қана қоймай, оны өз қолдарыңмен жасап көретін боласыңдар. Ұн тағамдарының бірі-бүгінгі қамырдан жасайтын өнімдеріміз қаттама немесе самса, бәліш (булочка) ертеден қалыптасып, дамып, бүгінгі күндерге дейін өз қасиеттерін жоғалтпай түрленіп жақсы сақталған. I. Оқушылардың сабаққа дайындықтарын тексеру. II. Ұй тапсырмасын сұрау. Ұннан кондитер бұйымдарын пісіру.	Музыка әуенімен жақсы көңіл күймен қыздар топқа бөлініп, орындарына жайғасады

Сабақтың ортасы:	<i>III.Білімдерін жан-жақты тексеру.</i> <i>Бірінші деңгейде «Сұрақ бізден,жауап сізден» Үйге берілген тапсырма бойынша екі топ бір-біріне сұрақ қою арқылы жауап береді.</i> <i>Сұрақ-жауап:</i> <i>1) Ұнды електен өткізудің мағызы неде?</i> <i>2) Кондитер бұйымдарын жасау үшін қандай қоспалар керек?</i> <i>3) Тамақ содасы не үшін қолданылады?</i> <i>4) Ванилиннің маңызы қандай?</i> <i>5) Қамыр қалай ашытылады?</i> <i>6) Ұннан жасалатын ұлттық тағамдарды ата?</i> <i>Қатысушы қыздар топқа бөліну реті бойынша алдын ала дайындалған ашыған қамыр мен қаттама қамырдан тіске басаср нан пісірулері керек болады.</i> <i>Нанның иленуі мен ашытылу жолдарын түсіндіріп,таныстырып өтетін болады.</i> <i>Бірінші топ:</i> <i>Ашытқан қамырдан бәліш (булочка) пісіру үшін жылы суға ашытқыны, қант салып жылы жерге қою керек. Ашықты (апара) көпіршіктеніп ашыған кезде тұз, май,жұмырта, ұн салып өте жұмсақ етіп иін қандыра илейді. Жұмсақ иленген қамыр жақсы көтеріліп, жұмсақ болып піседі. 4-5 стақан бидай ұны, бір ас қасық ашытқы, 2 ас қасық қант, 1 шай қасық тұз, 1 стақан сұйықмай, 1 стақан сүт (немесе су), 2 жұмыртқа. Ашытқан қамырды есіп жұқалап жаяда да, біркелкі етіп кеседі, тақтайға немесе табаққа бір-бірлеп тізіп 10-15 минут қойып,көтерілгеннен кейін пісірсе, іші шикі болмайды. Бәлішті немесе бөлішкенің қалыңдығы 2-3 см етіп жайып, қызып тұрған (майға) немесе пешке пісіреді.</i>	<i>1)Ұнды електен өткізу барысында ұн қопсиды.</i> <i>2)Қопсытқыш,в анилин,қант ұнтағы.т.б</i> <i>3)нанды көтереді</i> <i>4)Ванилин хош иіс пен дәм береді.</i> <i>5)ашытқы қосу арқылы</i> <i>6)Қамыр тағам,бауырсақ, т.б</i> <i>Алған ақпаратқа сүйене отырып,шеберлік терін шыңдайды</i> <i>Екі топқа бөлінген қызар қауіпсіздік ережесін сақтай отырып,алдары ндағы тапсырманы</i>
--------------------------------	---	--

Сабақтың соңы:	Екінші топ: Қаттама- нанның өте дәмді түрі. Май жұмыртқа,сүт құйып, қатты етіп иеленген қамырды жұқалап жайып, жаманың бетіне май жағады, оны орап-орап, пышақпен бірнеше бөліп, әр бөлікті қайтадан жаяды. Бөлікшелген нанның ортасына ірімшіктен салма салып әзірлесе самса жасауға болады. Дайын қамырды қыздырылған табаға салып пешке пісіреді. Сонда самса қатпар-қатпар,өте дәмді болып піседі. Кейде мұндай қаттаманы қазанға май жағып қарма тәрізді етіп пісіруге де болады. 1 кг ұн , 1 шай қасық тұз , 150г май , 1 стакан сүт, 2 жұмыртқа қажет. Топтық жұмыс: Пеште нанымыз піскенше қыздармен бірігіп шөл басар дайындайтын боламыз. Ол үшін бізге сүт, сок, түрлі фруктйлар керек, оны блендерге салып дайындайтын боламыз, Смузиге керек заттар;сүт 0,5,банан 2 дана,киви 2 дана. Екі топтың тіске басары дайын болғанда Дайын өнімді бағалап бағасын береміз. Сайыс сабағына қатысқан жеңімпаз топты тапсырманы ұқыптылықпен,асқан шеберлікпен орындағанын бағалай отырып марапаттау «АСХАНА ХАНШАЙЫМЫ» атағын береміз. Дастархан жайып,сабағымыздың қонақтарымен әр қатысушыға өз қолдарынан жасаған бәліштері мен смузи сусынын ұсынамыз. Астарыңыз дәмді болсын! Назарларыңызға рахмет!	орындайды.  Оқушылар алған әселерімен бөліседі.
------------------------------	--	--



МАЗМҰНЫ

- МАҚҰЛБЕКОВА ГҮЛДАНА ОРДАБЕКҚЫЗЫ
- КАРАЖИГИТОВА ОРЫН БЕРИКОВНА
- НАЗАРОВА КАМИЛЯ ШАМШАДИНОВНА
- КОНАРБЕКОВА ГУЛЖАНАТ АБИЛХАСОВНА